

«Келісемін» *Кус*
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары М.С.Куставлетова

« 31 » тамыз 2023 жыл



Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 3 «А» класының тәрбие жоспары

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Тәрбие мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.*
- 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.*
- 3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.*
- 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу*
- 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу*

Күтілетін нәтиже:

- 1. Ата –анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы мен берекесін қадірлейді.*
- 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды*
- 3. Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдетті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі, ар ұятты жоғары бағалайды.*
- 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.*
- 5. Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туган жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды*

Жоспарды құрғанда негізге алынды:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы». Астана, 2023 жыл
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 Бұйрығы
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023.

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР – ҰЯТ», «ТАЛАП».

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
 - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
 - Елінің тарихын құрметтейді
 - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

АР – ҰЯТ құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

ТАЛАП құндылығы: -

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;

- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
 - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
 - Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Үсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Өту формасы	Жауапты	Орындау мерзімі
1	«Мектебім – мерейім мекені»	Білім сабағы	Сынып жетекші	01.09.2023ж
2	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.09.2023ж
3	«Еңбекқорлық пен еріншектік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.09.2023ж
4	«Зиянды заттардан жиренейік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.09.2023ж
5	«Үстаз – ұлы тұлға»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.09.2023ж
6	«Оқушы тәртібінің жолдағы және көшедегі ережесі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	06.10.2023ж
7	«Кітап білім бұлағы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.10.2023ж
8	«25 қазан Республика күні»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.10.2023ж
9	«Отбасы дәстүрлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.10.2023ж
10	«Кітап сарқылмас бұлақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.11.2023ж
11	«Мен қандаймын!»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші	17.11.2023ж
12	«Көше күтпеген оқиғаларға толы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24.11.2023ж
13	«Тәрбие басы тал бесік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01.12.2023ж
14	«Жол белгілері достарымыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.12.2024ж
15	«Тәуелсіздік – тірегім»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.12.2023ж
16	«Қонақ келсе құт келеді»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.12.2023ж
17	«Интернетсіз бір күнім!»	Сурет көрмесі	Сынып жетекші	12.01.2024ж
18	«Сыйласаң сыйлы боласың»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19.01.2024ж
19	«Әдептілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	26.01.2024ж

20	«Сабырлылық асыл қасиет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	02.02.2024ж
21	«Білекті мыңды жығар»	Интеллектуалды ойын	Сынып жетекші	09.02.2024ж
22	«Жауу жүргінісі отпелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	16.02.2024ж
23	«Ата баба дәстүрі ұрпаққа өнеге»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	23.02.2024ж
24	«Дұрыс тамактану денсаулық кепілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01.03.2024ж
25	«Жол қауіпсіздігін сақтаймыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.03.2024ж/01.03
26	«Әдеп және әдет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.03.2023ж
27	«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	05.04.2024ж
28	«Ғарышкерлер күні»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	12.04.2024ж
29	«Дені саудың жаны сау»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19.04.2024ж
30	«Табиғатты қорғайық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	26.04.2024ж
31	«Буллингке жол жоқ»	Тренинг	Сынып жетекші	03.05. 2024ж
32	«Абайлаңыз, балақай!»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10. 05. 2024ж
33	«Менің берік отбасым»	Сурет көрмесі	Сынып жетекші	17.05.2024ж
34	«Еліміздің асыл тірегі-рәміздер»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24. 05.2024ж